


ТУБЕРКУЛЕЗ



ТУБЕРКУЛЕЗ АУРУЫНАН ЖАЗЫЛЫП КЕТУГЕ БОЛА МА?



Туберкулез - микобактериялармен шақырылған созылмалы жұқпалы ауру. Туберкулез ауру ерте заманнан белгілі. Осы ауруға қарсы арнайы егу жұмыстары жүргізілмеген кезде, оның қоздырғышы анықталмаған кезде, аурудың балалардың арасында көп таралуымен қатар одан өлім де көп болатын. Туберкулезді әлеуметтік аурулар қатарына жатқызады, өйткені ол үй-тұрмыстық жағдайлары нашар, көп балалы отбасындағы балаларда, жалпы экономикасы төмен, нашар дамыған елдерде жиі кездеседі. Кейінгі жылдардағы еліміздегі экономикалық дағдарыстармен байланысты туберкулез ауруы «күшіне еніп отыр»

ЕМ ҚАЛАЙ ЖҮРГІЗІЛЕДІ?



Ем тікелей медицина қызметкерінің бақылауымен жүргізіледі. Яғни, дәріні қабылдау, дәрігердің немесе медбикенің бақылауымен жүргізіледі.

Бұл дегеніміз, Сізге сенімсіздік таныту деген мағынаны бідірмейді. Ол Сіздің және медицина қызметкерлерінің емнің тұрақты жүргізіліп жатқындығына толық сенімді болу үшін қажет. Себебі, емнің нәтижесі тиімді болуы үшін тікелей бақылау аса **МАҢЫЗДЫ** шара болып табылады. Сонымен қатар, дәрілерді қабылдау барысында өзіңізді жайсыз сезінген жағдайда, дереу пайдалы кеңес алуға көмек береді. Әйтсе де, бұл өмір болғандықтан, Сіз бір күні болмасын дәрілерді қабылдауды ұмытып кетпеуіңізге немесе бір түрін қабылдағыңыз келмейтіндігіне кепілдік беруге болмайды.

Емдеу барысында Сіз **БАРЛЫҚ** дәрілерді **ТҰРАҚТЫ** қабылдауыңыз өте **МАҢЫЗДЫ** шара.







Туберкулезге қарсы дәрілер
Противотуберкулезные препараты

● ҚАЙ УАҚЫТТАН БАСТАП ЖҰМЫСҚА АРАЛАСУҒА БОЛАДЫ?

- • Туберкулезге шалдыққан науқас заңға сәйкес сырқат қағазын диагноз қойылған мезеттен бастап, 8-10 ай мерзіміне дейін ала алады. Көрсетілген уақыт мерзімінде Сіздің жұмыс орныңыз сақталады. Ал, емніңтолық курсы аяқтала салысымен, Сіздің жұмысқа оралуыңыз жайлы мәселені дәрігерлер кеңесі шешеді.
- Кейбір жағдайларда, дәрігерлер комиссиясының шешімімен, науқас жұмысына оралуға мүмкіндігі бар. Жұмысқа кіріспес бұрын, Сіз өзіңізді жеткілікті түрде жақсы сезінетіндігіңізге және қоршаған ортаға қауіп тудырмайтындығыңызға сенімді болуыңыз қажет. Әдетте, ол үшін 2 ай жеткілікті болып табылады, содан кейін Сізді ауруханадан шығаруға болады. Әрқашанда заң бойынша Сіздің жұмысқа оралуыңыз жайлы мәселені дәрігерлер кеңесі шешеді.

Назарларыңызға рахмет!!!

Орындаган: Жайлауова А.